



## **Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігінің (Елшілігінің) Қазақ мәдениет және іскерлік орталығы туралы**

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің ҚАУЛЫСЫ 1995 жылғы 17 ақпан N 173

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Москва қаласы Үкіметінің арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Келісімді жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы мен Россия Федерациясы арасындағы қол жеткен келісімдер мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанынан "Қазақ мәдениет және іскерлік орталығы" құрылсын.

2. Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанындағы Қазақ мәдениет және іскерлік орталығы қызметінің Негізгі бағыттары бекітілсін (қоса беріліп отыр).

3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары, облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері Қазақ мәдениет және іскерлік орталығының практикалық қызметіне жан-жақты көрсететін болсын.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1995 жылғы 17 ақпандағы  
N 173 қаулысымен  
БЕКІТІЛГЕН

Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы  
Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанындағы Қазақ  
мәдениет және іскерлік орталығы қызметінің  
негізгі бағыттары

1. Қазақ мәдениет және іскерлік орталығы Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанынан Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Москва қаласы Үкіметінің арасындағы экономикалық, ғылыми-техникалық және мәдени ынтымақтастық жөніндегі Келісімді жүзеге асыру және Қазақстан Республикасы мен Россия Федерациясы арасындағы қол жеткен келісімдер мақсатында инвестициялық-құрылыс орталығы және сауда үйі ретінде құрылады.

2. Орталық қызметінің негізгі бағыттары:

Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанындағы дербес дирекцияның үй-жайлар мен ғимараттарды қайта жаңғырту, тұрғын үйлер құрылысы, оның ішінде тұрғындардың қайта жаңғыртылатын үй-жайлар мен ғимараттардан көшіп-қонуы жөніндегі "Тапсырысшының" қызметтерін жүзеге асырады ;

үй-жайлар мен ғимараттардың, тұрғын үйлердің құрылысы үшін және оларды қайта жаңғыртуға кәсіпорындар мен ұйымдардың, басқа заңды ұйымдар мен жеке адамдардың қаражаттарын тартады;

осы мақсатта үй-жайлар мен ғимараттарды бірлесіп қайта жаңғырту, салу және пайдалануға беру жөнінде акционерлік қоғам құру, сонымен бірге тартылған инвестициялардың үлесі шығарылатын акциялардың 49 процентінен аспауға тиіс;

акционерлік қоғамдағы мемлекеттік мүліктің үлесін басқару және иелік ету, сонымен бірге мемлекеттік акциялар пакеті 51 проценттен кем болмауға тиіс;

Москва рыногын, Москва қаласындағы "Басманное" аумақтық басқармасын Қазақстан Республикасы мен Москва қаласы Үкіметінің арасындағы келісімге сәйкес халық тұтынатын тауарлармен молықтыру жөніндегі коммерциялық және сыртқы экономикалық қызметтерді жүзеге асырады.

3. Қазақстан Республикасы мен инвесторлар бөлген қаражаттың пайдаланылуына және Қазақстан Республикасының Россия Федерациясындағы Өкілетті Өкілдігі (Елшілігі) жанындағы Қазақ мәдениет және іскерлік орталығы қызметіне бақылау жасайды, барлық инвесторлардың қатысуымен Байқаушы кеңес ұйымдастырады, оны лауазымы бойынша Қазақстанның Россиядағы Өкілетті Өкілдігінің (Елшілігінің) Кеңесші-Елшісі басқарады. Байқаушы кеңестің қабылдаған шешімдерін Қазақ мәдениет және іскерлік орталығының дирекциясы орындауға міндетті.

4. Қазақ мәдениет және іскерлік орталығын Қазақстан Республикасының Россия

Федерациясындағы Өкілетті Өкілінің өкімімен тағайындалған бас директор басқарады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК